

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының
білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «М.Жұмабаев атындағы
жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің өзін-өзі бағалау нәтижелерінің
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

**Т.Жүргенов ауылы
2022**

ҚР « Білім туралы» Заңының 59 бабының 4-1- тармағына, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің 2021 жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығына сәйкес 2022 жылдың -----аралығында Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы «Ақтөбе облысының білім басқармасы Әйтеке би ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «М.Жұмабаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік аттестаттауды төмендегідей құрамда жүргізді:

Издина С.М.	- комиссия төрайымы мектеп директоры;
Аманшеева А.Ж	- оқу ісінің орынбасары комиссия мүшесі;
Абдижалелова А.Ж	- оқу ісінің орынбасары комиссия мүшесі;
Кусегенова Р.У.	- тәрбие ісінің орынбасары комиссия мүшесі;
Жолдыбаева Д.С	- тәрбие ісінің орынбасары комиссия мүшесі;
Кыдралина А.А	- мектеп әдіскері комиссия мүшесі;
Абишева Р.С	- мектеп психологі комиссия мүшесі

БҰЙРЫҚ САЛЫНАДЫ.

3) Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі); (№5 папка)

М.Жұмабаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2020-2021 оқу жылындағы Тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасының Ата заңы, Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы», Қазақстан Республикасының «Бала құқығы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жасалды.

Тәрбие жоспарлары директор жанындағы отырыста, педагогикалық кеңесте, ғылыми әдістемелік кеңесте тәрбие жұмысын ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы басшылыққа алынып, 8 бағыт бойынша мектепшілік тәрбие жұмысының жылдық жоспары жасалып, бекітілді.

Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының барлық бағыттары арқылы өтеді.

- 1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу.
- 2. Рухани-танымдық тәрбие
- 3. Ұлттық тәрбие
- 4. Отбасылық тәрбие
- 5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- 6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие
- 7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу
- 8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында халық дәстүрлерін дәріптей отырып, жас жеткіншектердің бойына азаматтық пен Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру.

Мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, еінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар белсенді, адамгершілігі жоғары тұлға тәрбиелеу

Міндеттері:

- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаның дамуы мен құруды қалыптастыруға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау;
- рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту, моральды, салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру, жеке тұлғаны дамыту, сыни ойлау және функционалдық сауаттылықты (компьютерлік, цифрлық, математикалық, жаратылыстану, оқу сауаттылығын) дамыту ;
- Қазақстан Республикасының Отанға деген махаббатын, азаматтылықты және отансүйгіштікті тәрбиелеу, мемлекеттік символдар мен ұлттық дәстүрлерге деген құрмет, кез келген конституцияға және қоғамға қарсы жағдайларда қарсылық таныту;
- қазақ халқының және басқа да халықтардың тарихын, салт-дәстүрін зерттеу, білу;

- психологиялық-педагогикалық құзыреттілікті және ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру, жастарды дені сау отбасын құруға даярлау, отбасы институтын нығайтуда саналы атсалысу;
- табиғатты сақтауда белсенді азаматтық жағдайды; экологиялық сауаттылықты және мәдениетті ұстану;
- бала тәрбиесінде жалпы және қосымша білім беружүйесінің рөлін арттыру; сондай-ақ, денешынықтыру және спорт, мәдениет саласындағы ұйымдар қызметінің тиімділігін арттыру;
- балалардың ақпараттық қауіпсіздік деңгейін арттыру.
- балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру;
- отбасылық тәрбие жүйесі бағытында дарынды жасөспірімдерді адамгершілік, жалпы адамзаттық және ұлттық рухани құндылықтарға тәрбиелеу.

М.Жұмабаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің
2022-2023 оқу жылындағы Тәрбие жұмысының жоспары

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс

Мектептің тәрбие жұмысының тақырыбы: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты, үйлесімді, өзін-өзі дамыта алатын, рухани және мәдени құндылықтарды бойына сіңірген нағыз патриот, еңбекқор, адал, білімге құштар тұлға қалыптастыру.

Мақсаты: Заманауи тұлға қалыптастыруда барлық ынталы қоғамдық серіктестермен бірге отбасы мен мектеп арасындағы байланысты нығайту арқылы тәрбиенің жаңа моделін енгізу.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету;
2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету;
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету;
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету;
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту,

сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету;

6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету;

7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту;

8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату;

9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру;

10. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.

Күтілетін нәтижелер:

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмді, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;

- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;

- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;

- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;

- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;

- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;

- Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;

- Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.

- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

Іске асыру тетіктері:

- Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен

оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/>;
- Қазақстан Республикасының Конституциясы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S1100000002>;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» ҚР Кодексі 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1100000518>;
- 2030 жылға дейінгі ҚР отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/fulltext>;
- «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» ҚР Заңы 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» ҚР Заңы 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-IV <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР Заңы 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-V <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- «Білім туралы» ҚР Заңы 2007 жылғы 27 шілдедегі №319 <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы <https://adilet.zan.kz/kaz/search/docs/dt>;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы № 525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері <https://nao.kz/>.

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі – педагогикалық тәжірибеге білім алушылардың академиялық білімін, негізгі біліктіліктері мен құзырлылықтарын қалыптастыруды, олардың оқуға деген ұмтылысын, оқу-танымдық әрекетке қызығушылығын арттыруды қамтамасыз ететін білім берудің мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістері мен технологияларын ендіру.

ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.) және ұлттық құндылықтар – (тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр) құрайды.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;
2. Рухани-танымдық тәрбие;
3. Ұлттық тәрбие;
4. Отбасылық тәрбие;

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;
6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;
7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;
8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2022-2023 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер:

- ✓ Қазақстанның Мемлекеттік рәміздеріне – 30 жыл;
- ✓ Р.Бағланованың туғанына – 100 жыл;
- ✓ Д.Қонаевтың туғанына – 110 жыл;
- ✓ М.Әуезовтың туғанына – 125 жыл;
- ✓ А.Байтұрсыновтың туғанына – 150 жыл;
- ✓ Қазыбек бидің туғанына – 355 жыл;

Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтары мен әмбебап құзырлылықтарын қалыптастыруға қол жеткізетін бағыттардың бірі – құндылыққа негізделген оқыту мен тәрбие бағдарламасы (одан әрі – Бағдарлама).

Бағдарламаның шешуші идеясы оқу-тәрбие процесін білім алушыларды ұлттық құндылықтар негізіндегі жалпыадамгершілік құндылықтарға баулуға бағыттау.

2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар ұсынылады:

- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – орта мектеп»;
- ✓ «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- ✓ «Ерте жаспан бастап экологиялық мәдениет»
- ✓ «Психологиялық көмек көрсету және мектептің татуластыру қызметтерін ұйымдастыру»
- ✓ «Қоғамға қызмет»;
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ «Музей сабақтары» – «Музей күні» жобасы;
- ✓ «Театр сабақтары» жобасы.
- ✓ негіздері шеңберінде іске асырылады, оның негізгі идеясы Абайдың «Толықадам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамығана адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толықадам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдаларында айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жекетілген тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілі мен қамтамасыз ету үшін біріктіріледі.

4) Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әр түрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса берілді)

2020-2021 оқу жылы бойынша Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу және құқықтық тәрбие беру бағыты бойынша 2020 оқу жылының жоспарға сай төмендегідей іс-шаралар өткізілді.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие-бойынша атап айтқанда 1 қыркүйек күні «Білім күні» «Еліміздің негізгі заңы Қазақстан Республикасының конституциясы 25 жылдығына арналған «Конституция біздің болашағымыз», «Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы», «әл-Фарабидің 1050жылдығы», «Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз», «мамандық таңдау ертеңді ойлау»атты білім күніне арналған тәрбие сағаттары өтті.. Мектеп кітапханасында «Рухани жаңғыру», «Парасатты азамат», «ҚР рәміздері», «Кітаптар әлеміне саяхат» туралы материалдардан бұрыш жасалып ілінді. Отбасы күнін мерекелеу шеңберіне «Отбасы –бақытым!» атты апталық өткізілді. 1 Қазан қарттар күнін жүрек жарды мереке ретінде атап өтіп, зейнеткер ұстаздарға, қарт кісілерге құттықтаулар арналып әлеуметтік желіге жарияланды. Оқушылардың отбасы күніне орай өткізген «Менің отбасым» атты бейне роликтері әлеуметтік желіге жарияланды Барлық сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. Қазақстан Республикасының халықтарының тілдер мерекесіне орай 04.09.2020-11.09.2020 күндер аралығында мектебімізде «Мәңгілік ел-Мәңгілік тіл» тақырыбында апталық өтті.Апталыққы арналған жоспар құрылды апталыққа орай төмендегідей іс-шаралар қашықтықтан ұйымдастырылып өз уақытымен өткізіліп отырды. «Өнер алды- қызыл тіл» атты тақырыпты ашылу салтанатын қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі М.Қарабалаева және А.Абдижалелова өткізді. «Қазақ тілі-біздің болашағымыз» тақырыбында мектептің педагог ұйымдастырушысы Р.Кусегенова бейнеролик дайындап 5-9 сыныптар аралығында таныстырылым өткізді. 5 « а » класында , қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым, түркітанушы ғалым,публицист педагог , аудармашы , қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына-150 жыл толуына орай «Ұлы тұлға-Ахмет» атты ашық тәрбие сағаты өткізілді. Мектеп кітапханашысы Г.Байнахатова кітапханада ZOOM платформасы арқылы оқушылармен «менің халқымның тілі» атты кітап көрмесін ұйымдастырды.Қазақ тілі,орыс тілі ағылшын тілінің пән мұғалімдері үш тілде тіл туралы оқушылардың өнерлерін мәнерлеп оқу бойынша поэзия сағаттын өткізді. Бастауыш сынып бірлестік жетекшісі А.Қибасованың ұйымдастыруымен бастауыш сынып оқушылары арасында «Абай –дана,Абай-дара қазақта!» атты тіл мерекесі өтті.Апталық ZOOM интернет желісі арқылы бастауыш сынып бірлестігінің ұйымдастыруымен өткізілді.Өр сыныпта Абай атамыздың өлең жолдарын үзінді және еркін тақырыпта қара сөзден жаттауға ұсыныс беріліп,сол сынып оқушылары белсенділікпен қатысты.«Қауіпсіз интернет» және «Кибербуллинг» туралы түсінік 23 қыркүйек күні ДТДЖО-ұйымдастыруымен 1-11 сынып арасында ZOOM платформасы арқылы кеңес өтті. Қашықтықтан оқыту кезінде оқушылардың интернет желісін тиімді пайдалану, және «Кибербуллингтен сақтану жолдары» туралы мектеп психологтары Р.С.Абишова, А.Мұғалимова балалардың интернеттегі қауіпсіздігі жөнінде түсінік берді.

22.09-25.10.2020 қыркүйек-қазан аралығында «Қауіпсіз мектеп автобусы» республикалық акцияға байланысты «Жүргізуші – жаяу жүргінші» атты онкүндігі өтті «Жүргізуші – жаяу жүргінші» атты жедел – алдын алу іс – шарасының онкүндік жоспары құрылды . Іс – шараның басты мақсаты: барлық жол қозғалысына қатысушылардың ықтимал қауіп – қатеріне назар аудару , апаттылықтың алдын алу және жолдарда құқық бұзушылықтарға қатаңдатылған қарсы іс – қимылды алғашқы жоспарға шығару , өзара сыйластық , жолда қауіпсіздік ережесін сақтау , жол апаттарының алдын алуына үлес қосу . Оқушыларды жолда дұрыс жүріп – тұруға тәрбиелеу , қоғамдық мекемелердің күнделікті тұрмыста алатын орны , онда көптеген адам жұмыс істейтінін , олардың қандай көліктермен жұмысқа баратынын , қалалық және ауылдық жерлерде жолда жүру ережесінің айырмашылығын , жол белгілерін ажырата білу , жол жүру ережесін сақтауға тәрбиелеу

мақсатында 1-4 сыныптар арасында «Жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі» атты түсіндірме баяндама оқылды. Мектеп директорының тәрбие ісі – жөніндегі орынбасары Д.С.Жолдыбаева «Жол тәртібін жадында ұста» деген тақырыпта түсіндірме жүргізіп өтті. Сонымен қатар өрт қауіпсіздігі жайында педагог ұйымдастырушы түсіндірме жүргізді. Мектеп медбикесі «Жол көлік оқиғасы» кезіндегі алғашқы көмек көрсету түрлерін егжей – тегжейлі айтып түсіндіре отырып, практика жүзінде де көрсете білді.

20 қазаннан-20 қараша аралығында өтетін Дүниежүзілік балалар күніне арналған «Бала құқығы-адам құқығы» айлығында өткізілген іс-шараларына жоспар құрылып бекітілді. 5-11 сыныптар аралығында мектебіміздің педагог-психологы Р.Абишова «Балалық шақты бірге қорғайық» тақырыбында сауалнама жүргізілді. «Бала құқығы-адам құқығы» атты айлық іс – шара аясында өткізілген «Балалық шақты бірге қорғайық» атты «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұйымдастыруымен онлайн пікірсайыс ұйымдастырылды. Сайыс мақсаты, оқушыларға зорлық – зомбылық туралы мағлұмат беру. Б.Ержановтың ұйымдастыруымен «Бала құқығы-адам құқығы» атты айлық жоспар аясында 13 қараша күні «Мен және менің құқығым» атты онлайн сабақ өткізілді. «Мен бақытты баламын!» атты фото көрмеге мектебіміздің МАД, 1-11 сынып оқушылары белсене қатысып, марапаттармен марапатталды.

1-4 сынып оқушыларына мектебіміздің педагог-психологы «Өз құқығыңды біл!» атты тақырыбында жадынамамен таныстырылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. «Бүгінгі шақ және болашақ: әр бала үшін қамтамасыз етілген балалық шақ» атты тәрбие сағаттары 5-8 сыныптар арасында өтілді. «Біз тәуелсіз елдің ұрпағы» атты чөлденжі 5-11 сыныптар арасында ұйымдастырылып, өткізілді. Тәуелсіздік күніне орай 1-11 сыныптар арасында «Тәуелсіздік мәңгілік елдің тағдыры» сынып сағаттары өтілді. Іс-шараның мақсаты: Еліміздің тәуелсіздік жолындағы және желтоқсан оқиғасына қатысқан жастардың ерлігін өскелең ұрпақтың бойына сіңіру, тәуелсіздіктің елімізге қандай қиындықпен келгенін түсіндіру, оқушылардың туған жеріне, Отанына деген сүйіспеншілік, патриоттық сезімдерін ояту. Шыншылдыққа тәрбиелеу, Еліміздің келешегінің кемелді де келісті болуына ат салысатын өскелең ұрпақты Отанын сүйуге тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күніне байланысты өткізілетін іс-шаралар жоспары құрылып бекітілді. 6 «А» сыныбында 3. Нұрқалық оқушыларға Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев туралы жан-жақты мағлұмат беріп «Тәуелсіз елдің тұңғыш президенті» атты онлайн тәрбие сағатын өткізді. Бастауыш сыныптар арасында «Тәуелсіз елдің тұңғыш президенті» атты онлайн тәрбие сағаттары өтті. Мектеп кітапханашысы Г. Байнахатова «Ғасырдың керемет азаматы» атты кітап көрмесін 19 қараша күні 1-11 сынып оқушыларына таныстырды.

Елбасы Н. Назарбаев туралы бейнефилмдерді «Бір ел, бір тағдыр», «Тәуелсіздіктің 7 қыры», «Болашаққа бастар жол», «Парасатты шешім», «Сын сағат» деректі фильмін оқушылар көрді. «Ел еріне, ері еліне сенген ұлы тұлға» шығармалар байқауы 8-11 сынып оқушылары арасында 23 қараша күні болып өтті. 2 Қазан күні Ұстаздар күніне орай 11 «А», «Ә» кластар «Ұстаз – ұлы тұлға» атты мерекелік кеш ұйымдастырды. 4 Қазан күні Ұстаздар күніне «Жас Ұлан» ұйымының ұстаздарға онлайн құттықтаулары әлеуметтік желіге жарияланды. Ұстаздар күніне орай «Мағжан жастары» ұйымының ұйымдастыруымен эстафеталық жарыс өтті. Эстафетаға 4 команда қатысып, спорттық түр түрінен сайысқа түсті. 30 қыркүйек күні «Тұрмыстық зорлық - зомбылықтың алдын алу» тақырыбы аясында мектеп медбикесі Аплатонова Н 9 сыныптың қыз балаларыменен түсіндірме жұмысын жасап, пікір алысты. «Тәуелсіздіктің 7 қыры», «Бір ел, бір тағдыр» эссе байқауы 5-11 сынып оқушылары арасында өткізілді. «Оқушылардың құқықтары мен міндеттері» тақырыбында 10-11 класс оқушыларының арасында мектепшілік сайыс өткізілді. Сайыс 4 кезең – «Түсініктеме», 3-кезең «Жағдаят шешу», 4-кезең «Мәре бекеті».

9 желтоқсан күні «Өрт шыққанда не істеу керек?» тақырыбында даярлық «Ә» тобына танымдық сағат өткізілді. Танымдық сағат өткізілді. Танымдық сағатқа Әйтеке би ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы азаматтық қорғау капитаны Турганов Қуаныш Шамшатович және жағдайлар бөлімінің тәлімгері Әкімжанов Нұрғиса Сұлтангерейұлы қатысып оқушыларға түсіндірме жұмысын жүргізді. Өрт қауіпсіздігін алдын алу, балалардың жарақаттануының алдын алу жұмыстарын оқыту және тиімділігін арттыру мақсатында 7-11 желтоқсан арналған «Өрт қауіпсіздігі аптасы» аясында 10 желтоқсан күні тақырыбында даярлық «Ә» тобына 2 «Б» сыныбында класс жетекшісі А.Күмісбаеваның ұйымдастыруымен «Өрт қауіпсіздігі» атты викториналық ойын өткізілді. Және 1-4 сыныптар арасында онлайн тәрбие сағатын өткізді. Тақырыбы «Тәуелсіздік-тұғырым» атты тәрбие сағатын А.Қибасова Тәрбие сағатында оқушылар тәуелсіздікке арнап ән, айтылып, өлең шумақтарын арнады. «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің музейіне» онлайн экскурсияны тарих пәнінің мұғалімі Ж.Идиресова ұйымдастырып оқушыларға көрсетті. «ҚР Тұңғыш президенті музейіне» онлайн экскурсия 4 желтоқсанда 5-11 сыныптар арасында мектеп кітапханашысы Г.Байнахатованың ұйымдастыруымен өтілді. 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күні! Атты тақырыбында сурет салудан оқушылар арасында байқау өткізілді. Ең үздік деп табылған суреттерді ауданға жібердік. Осы аталған іс-шаралардың барлығы әлеуметтік желелерге салынды. Оқушыларымыз «Бір ел, бір тағдыр», «Болашаққа бастар жол», «Сын сағат», «Ұйымдасқан ұтады», «Елдіктің бастауы» атты деректі фильмдерді көрді. «Қауіпсіз мектеп автобусы» республикалық акциясы бойынша жол қауіпсіздігіне, жол ережесіне байланысты сурет байқауы өтті. Байқаудың қорытындысы анықталып I орын Болатбекқызы Тоғжан З «А» сынып оқушысы, II орын Орынбасар С 4 «А» сынып, III орын Медетқызы Ақжан З «А» сынып оқушысы, III орын Айтжанов А 4 «А» сынып оқушысы иеленді. «Қауіпсіз мектеп автобусы» акциясы бойынша «Жарқын бол!» тақырыбында бастауыш сыныптар арасында тәрбие сағаттары өтті. 9 «А», «Ә» класс оқушылары «Жолда жүру қауіпсіздігін сақтау» тақырыбында жадынама таратты. М.Жұмабаев атындағы ЖББОМ-де 29 қаңтар күні «Құқықбұзушылықтың алдын алу» бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары И.Жұрамбаева, мектеп социологы Г.Мухамбетова 9-класс оқушыларына сауалнама таратып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Ұлы Жеңістің 75 жылдығына арналған қыз балалар арасында өткен Қайратбек Көккөзов атындағы волейбол жүлдесінде М.Жұмабаев ЖББОМ-нің командасы II орынды иеленді. ҚР Мемлекеттік рәміздерін насихаттау жұмыстары жүргізілді. Насихаттау мақсатында ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 2 қазандағы №873 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын, Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнін мәтінін орналастыру ережесіне" сәйкес орналастырылады. ҚР Мемлекеттік рәміздерін орналастыру және пайдалану тәртібі ҚР Конституциясында белгіленген заңнамаларға сәйкес қолданылады. ҚР Мемлекеттік Туы орындауда міндетті түрде көтеріледі. Мемлекеттік Рәміздерін насихаттау мақсатында жүргізілген жұмыстар жоспарға сай атқарылып отырады. 1-4 сынып оқушылары арасында еліміздің мемлекеттік рәміздерінің авторларын білуге, еліміздің мемлекеттік рәміздерінің түр-түсін білуге, ҚР-ның мемлекеттік рәміздерінің элементтерін білуге, Мемлекеттік Гимнін мемлекеттік тілде дауыстап айтуды үйретуге, мемлекеттік атрибуттарға құрметпен қарауға, ҚР азаматы ретінде мақтаныш сезімдерін қалыптастыру мақсатында тәрбие сағаттары өтіліп тұрады. 5-9 сыныптар арасында мемлекеттік рәміздердің жасалу тарихын білуге, мемлекеттік атрибуттарға құрметпен қарауға, ҚР-ның азаматы ретінде мақтаныш сезімдерін қалыптастыру болса, 10-11 сыныптар арасында ҚР-ның рәміздеріне құрметпен қарауға, ҚР-ның мемлекеттік Гимнін қандай жағдайларды орындалатыны туралы, олардың орналасу ережесі туралы тәрбие сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар өткізіліп тұрады. Құқық бұзушылықтың алдын алу үшін бағытталған жұмыстар атқарылып келеді. Сынып сағаттары, диспуттар, профилактика кеңестері, пікір сайыс клубтары, құқық қорғау органдарының өкілдерімен кездесулер өткізілді. Мектеп бойынша 30 сынып жетекшілер жұмыс атқаруда.

28 мамырда тарих пәнінің мұғалімі Б.Ержанов ата-аналар және оқушыларға арнап 31 мамыр саяси қуғын –сүргін құрбандарын еске алу бейне ролингі ұсынды. Тарих пәнінің мұғалімі Ж.Идиресова ұйымдастыруымен саяси қуғын –сүргін құрбандарын еске алу тәрбие сағаты 5 сыныптармен өткізілді. 31 мамыр күні 5-10 сынып оқушыларына WhatsApp желісі арқылы

саяси қуғын – сүргін құрбандарын еске алу бейне роликтері, слайдтар арқылы көрсетіліп оқушыларға мәлімет берілді.

2021-2022 оқу жылы бойынша Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу және құқықтық тәрбие беру бағыты

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу және құқықтық тәрбие беру бағыты бойынша оқушылардың құқықтық сауаттылығын танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында «Абайлаңыз балалар!» профилактикалы іс – шаралар аясында 7 «а»- сыныбында Әйтеке би аудандық ПБ бастығының 1-орынбасары полиция майоры М. Әкентай жолда жүру ережесі туралы түсіндіріп, оқушыларға мәлімет берді. 6 «Ә» сыныбында «Жол ережесін білесің бе?» атты ашық тәрбие сағаты өтті.

Қазақстан Республикасының 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі іс-шаралар негізінде «Тәуелсіздік Тәңір берген тәтті сый» атты апталық өткізілді. Апталық барысында «Мен Тәуелсіз Қазақстанның азаматымын» тақырыбында 9 сыныптар аралығында тарих пәнінің мұғалімі Б.Ержанов пен Г.Мұхамбетованың ұйымдастыруымен коучинг ұйымдастырылды. 7 «в» сыныбында «30 жыл, 30 асу, 30 белес!» тақырыбында мерекелік іс-шара, аудандық кітапханада 10 «ә» сыныбы арасында «Тәуелсіздік және Елбасы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. 10 «а»-11 «а» сыныптар аралығында С.Ермағамбетов, Б.Ержановтың ұйымдастыруымен «Кеңестік кезеңдегі қазақ КСР басшылары» тақырыбында дебат өткізілді. ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Әйтеке би аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Жайдарман» ойыны өткізіліп, мектебіміздің «Мағжандықтар» командасы бас жүлде және де «Үздік әзіл» номинациясына ие болды. 7 «а», «ә», «б», «в» оқушылары арасында аудандық мұражай қызметкерлерімен бірлесіп дөңгелек үстел, 5-6 сыныптар аралығында «Елімнің бақытын тербеткен -Тәуелсіздік» тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы, бастауыш сыныптар арасында «Елімнің еркіндігі Тәуелсіздік» атты жыр оқу сайысы өтті. 5 «а», 5 «ә» сыныптарына Р.У.Кусегенованың ұйымдастыруымен әдеби музыкалық монтаж, Г.Сандыгулованың ұйымдастыруымен 6 «а» сыныбында «Тәуелсіздік бастауы жастардың қолында» атты мерекелік шара өтсе, мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік туралы не білесің, балақай?» айдарымен бастауыш сынып оқушылары арасында «Ашық микрофон» әдісі арқылы сұрақ-жауап алынды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Зияткер» дебат мүшелерінің арасында дебат пікірсайысы өтті. Бұл шаралардың мақсаты: оқушыларымызды еліміздің 30 жылда жеткен жетістіктерімен таныстыра отырып, ұлтжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. 5-8 сыныптар арасында «Тәуелсіздік – ащы термен келген тәтті жеңіс» атты бірыңғай тақырыбымен ашық тәрбие сағаты өтті. Өткізілген шаралар барысында оқушылар ел тарихына шолу жасап, тәуелсіз еліміздің жетістіктері туралы өз білгендерін ортаға салды.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Қазақстан –зайырлы мемлекет» тақырыбында 9-11 кластар арасында жаппай ашық диктант жазу күні болды. Сонымен қатар, мектеп оқушылары «Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы» атты аудандық театрланған қойлымдар байқауында жүлделі I орынды иеленсе, «Мен еліммен мақтанамын» тақырыбындағы аудандық суретшілер байқауында 6 «а»- сынып оқушысы Әскербекқызы Балнур I орынмен марапатталды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Ақтөбе облысы білім басқармасы және «Спорт жұлдыздары» республикалық журнал ұйымы ұйымдастыруымен қазақ күресінен білім беру ұйымдарының мұғалімдер арасында тұңғыш рет «Ұстаз барысы» облыстық турнирі өтіп, мектебіміздің ұстазы Б.Құдайбергенов I орын иеленіп, «Ұстаз барысы» атанды. К.Коккузов атындағы аудандық қыздар арасындағы волейбол жарысынан 15 команданың ішінен «VK Мағжан» командасы I орын алып, Мирасова Ділназ «Үздік шабуылшы» атағына ие болды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш президенті күніне орай 2 «ә»- «Елбасы –ел тірегі» атты сыныптан тыс іс-шара, 7 «а, ә, б»- сыныптарда «Елін сүйген Елбасы» тақырыптарында

сыныптан тыс мерекелік іс-шаралар, 5 «ә»- «Елбасы-елімнің тірегі» атты ашық тәрбие сағаты, 9-сыныптарда «Әлем таныған тұлға » бейнебаян шеруі, 10-сыныптарда «Тәуелсіздік ұрпақтары» тақырыптарында сынып таныған тұлға» бейнебаян шеруі, 10 –сыныптарда «Тәуелсіздік ұрпақтары» тақырыбымен сайыс өтсе, 1-11 сыныптар арасында «Елбасы –ел мақтанышы» тақырыбымен тәрбие сағаты өтті. Өткен шаралардың мақсаты: оқушыларға ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев өмірі мен шығармашылыққа толы атқарған істері туралы мәліметтер беру. Оқушыларға елі үшін жасаған істерін үлгі өнеге ету. Өз Отанын, халқын сүйетін азамат болып өсуге, елжандылыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Апталық барысында мектебіміздің жасуландарының қатысуымен «Жас Ұлан жүйріктері» тақырыбында зияткерлік сайыс өткізілсе, 8-11 сыныптары арасында «Тәуелсіздік-тұмарым» атты жас ақындар мүшайрасы өтті. II бөлімнен тұратын мүшайрада жас ақындарымыз Тәуелсіздік туралы туындысы мен өз шығармашылығынан өлеңдер оқыды.

Сонымен бірге, 9-10 сыныптар арасында жайдарман ойыны өтті. Шарада оқушылар қабілеттерімен, әзілдерімен көрерменнің көңілін көтере білді. Ойын нәтижесінде 9«а»-сыныбының «Мағжандықтар» командасы I орынды иеленсе, 10-сынып оқушысы Әлімжанов Алтынбек «Үздік ойыншы» номинациясын иеленді. Апталық қорытындысына «Жасұлан» ұйымының ұйымдастыруымен «Жас Ұлан алаңы» тақырыбында 9-11 сыныптар арасында дебат ойыны өткізілді.

«Ауғанның от жалыны» тақырыбында ауған соғысы ардагері С. Таласбаевпен кездесу кеші өтті. Кеш барысында қонағымыз ауғанның отты жылдары жайында естеліктермен бөлісіп, оқушылардың сұрақтарына жауап берді. Сонымен бірге, Ауғаныстаннан Кеңес әскерлерінің шығарылуының 33 жылдығына орай АӘД пәнінің мұғалімі А.Қ.Жармедетов оқушылар арасында әсері патриоттық шара өткізді. Шара барысында автоматты шашып жинау мен мергендер сайысы өткізіліп, шарада нысанға дәл тигізіп, автоматты шашып –жинаудан үздік таныған оқушыларға алғыс хаттар табыс етілді.

Мектеп оқушыларының арасында теріс діни ағымдардың, экстремизм мен терроризмнің алдын-алу және оқушыларды имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеп, ұлттық құндылығымызды насихаттау мақсатында 22 қазан күні «Аңсар» орталығының теологы Г.Р.Идирисовпен 8-11 сыныптар арасында «Дін атын жамылған теріс ағымдар» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Шара барысында мектеп оқушылары сұрақтар қойып, ашық пікірлесу болды.

12-сәуір- «Ғарышкер күніне» орай информатика пәні А.Киікбаева «ғарышқа сапа шеккендер» тақырыбында ақпараттық бұрыш жасақтаса, Г.Сандыгулова 6 «а»- сыныбында «ғарыш әлемі» тақырыбында сынып сағатын өткізді.

«Күй өнерінің жарық жұлдызы- Дина Нұрпейісова» мәдениет пен күйшілік өнері туралы мәлімет бере отырып, халқымыздың қадір тұтқан күйшілерінің шығармашылығын таныстыру, ұлттық мақтаныш сезімге тәрбиелеу мақсатында 9 « а » класының қатысуымен іс-шара өтті.

Су және өрт қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында «Бала қауіпсіздігі басты назарда» тақырыбымен бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Шара барысында оқушыларға су және өрт туындау салдары, олардың алдын алу сияқты түсінік жұмыстары жүргізілді.

2022-2023 оқу жылы бойынша Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу және құқықтық тәрбие беру бағыты

Патриот пен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының әр бағыты қоғамдық сананы жаңғыртудың барлық негізгі бағыттарын ескере отырып жүзеге асыру мақсатында жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу және құқықтық тәрбие беру бағыты бойынша төмендегідей іс-шаралар ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы мемлекетінің рәміздерін және мемлекеттік нышандардың атрибуттарын білу, Отанына, халқына адал қызмет етуге, еліміздің Мемлекеттік рәміздерін қастерлеп, құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында 5-6 сынып оқушылары арасында «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз» тақырыбында суреттер байқауы ұйымдастырылды. Үздік суреттер көрмеге қойылды. «Рәміздерім мақтанышым» кітап көрмесі ұйымдастырылып, сынып жетекшілер «Қазақстан Республикасының туы мен елтаңбасы», «Мемлекеттік гимн», «Менің туым», «Қазақстан Республикасының елтаңбасының тарихы» атты танымдық сабақ, тәрбие сағаттарын өткізді. Еліміздің Мемлекеттік рәміздерінің тарихын баяндайтын бейнероликтер көрсетілді. Оқушылардың құқықтық сауаттылығын танымдық қабілеттерін арттыру мақсатында «Абайлаңыз балалар!» профилактикалық іс –шаралар аясында 7 «а»- сыныбында Әйтеке би аудандық ПБ бастығының орынбасары полиция майоры М. Әкентай мен ПБ ЖПКБ кәмелетке толмағандар істер жөніндегі учаскелік полиция инспекторы полиция лейтенанты Ж.Енсепаев жолда жүру ережесі туралы түсіндіріп, оқушыларға мәлімет берді. 5 «А», «Ә», «Б» сыныбында «Жолдағы тәртіп- менің өмірімнің кепілі» атты ашық тәрбие сағаттары өтті. Сынып жетекшілер «Жолда жүру ережесін сақтаймыз», «Қауіпсіз жол», «Жол ережесінің қауіпсіздігі», «Жол тәртібін жадында ұста!», «Жол қозғалысының ережесі» т.б тақырыптарында сынып сағаттарын өткізді. «Жаяу адамдардың міндеттері туралы нәні білесіңдер» тақырыбында оқушылардың жол тәртібі туралы білім деңгейлерін анықтау мақсатында 9-11 сынып оқушыларынан мектеп психологі Абишова Р сауалнама алды. Оқушылардың 80 пайызы автокөлік қақтығысынан қалай сақтану керектігін білетіндігі анықталды. «Қауіпті жолдар мен жол тораптарына саяхат және одан өту жолдары» тақырыбында 3 «А», «Ә», «Б» сыныптарында Жол полициясымен бірлесе отырып, жол бойындағы қиылыстарға саяхат жасап жол ережелері, белгілері түсіндірілді. Мектебіміздің тәлімгері «Жаяу жүргіншілерге арнау» үнпарақтарын таратты. Оқушылардың жол ережесі туралы білімдерін толықтыру, көшеде жол тәртібін сақтай білуге үйрету, жол белгілерінің түрлерін ажырата білуге баулу мақсатында 8 «А» сыныбында «Жолдағы ереже барлығымызға бірдей заң» атты сайыс сабағын ұйымдастырса, 7 «А» сынып оқушыларымен Сандыгулова Г «Жол ережесін есте сақта!» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді.

25 қазан- Республика күніне орай «Менің Отаным-Қазақстан» кітап көрмесі ұйымдастырылды. 25 қазан Республика күні биылдан бастап жоғары деңгейде аталып өтілуіне байланысты, мерекелік іс- шаралар жоспары құрылды. 7 сыныптар арасында «Атамекен» тақырыбында диктанттар алынып, «Тұңғыры биік-Тәуелсіз Қазақстан» пікірсайыс турнирі өтті. «Жанашыр жүрек» халықтық акциясы Республика күніне орай ойластырылған. Жобаның негізгі мақсаты мұқтаж жандарға өтеусіз көмек көрсету арқылы қоғам арасындағы қайырымдылық мәдениетті дамыту. Жас Ұлан ұйымы «Қыран елім-Қазақстаным» тақырыбында мерекелік концерт өткізіп, «Бірлігіміз жарасқан Қазақстан!» атты тәрбие сағаттары өткізілді. Тәуелсіздік күніне орай 8-13 желтоқсан аралығында біршама іс-шаралар өткізілді. Атап айтар болсақ, «Желтоқсан желі ызғарлы» кітап көрмесі ұйымдастырылып, 1-11 сыныптар арасында «Желтоқсан азат рухтың жаңғырығы» атты тәрбие сағаттары көш бастап, үлкен үзілістегі «Тәуелсіздік тарихы» атты радио хабарлармен өз жалғасын тапты. Тарих пәнінің мұғалімдері Нұржанова Р, Идирисова Ж, Ержанов Б, Ермағанбетов С 5-9 сыныптарымен «Тәуелсіздік таңы мәңгілік» тақырыбында аудындық кітапханамен бірлесе отырып дөңгелек үстел өткізді. Тәуелсіздік тарихы туралы оқушыларға көп мағлұмат берілді. 8 «А», «Ә», «Б» сыныптарында сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Желтоқсан 1986: Азаттық рухы және отаншылдық құндылығы» тақырыбында конференция өткізді. 7-8 сыныптар арасында «Санаға сәуле түсірген желтоқсан» эссе байқауы ұйымдастырылып, орын алған оқушылар марапатталды. 13 желтоқсан күні Республикалық «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты қабылдау өткізілді, 150 оқушы «Жас Ұлан» қатарына қабылданды. 13 желтоқсан күні оқушылар атаулы жылдарды сөйлете отырып, тамыры терең тарихтың қойнауына көрермендерді сапар шеккізіп қайтты. Тәуелсіздік күніне орай «Мен және

Тәуелсіздік» тақырыбында «Зияткер» дебат клубының ұйымдастыруымен пікірсайыс өткізіліп, оқушылардың дайындығы жоғары деңгейде өтуіне себепкер болды. Мектебімізде «Экстремизм мен терроризмге жол жоқ» науқаны аясында 9 сынып жетекшісі Ж.Тагаева «Терроризм бәрімізге төнген қауіп» тақырыбында тәрбие сағатын өтті. Мақсаты оқушыларға экстремизм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру, қауіпсіздік сақтау амалдары турасында нұсқаулық беру. «Жасөспірім арасында құқықбұзушылықпен, бопсалауды» болдырмаудың алдын алу тақырыбы бойынша жаңа форматта «Аналар», «Әкелер» кенестерінің отырысы өткізілді. Мақсаты: Отбасындағы бала тәрбиесі туралы аналардың пікірін білу, талқыға салу. Әкелердің бала алдындағы жауапкершілігін арттыру. Әйтеке би аудандық ПБ ЖПҚБ кәмелетке толмағандар істер жөніндегі учаскелік полиция инспекторы полиция лейтенанты Еңсепбаев Ж.М. мектеп инспекторы оқушылармен, педагогикалық ұжыммен кездесу өткізіп, «құқықбұзушылық пен сыбайлас жемқорлықтың, бопсалаудың алдын алуда» жүргізіліп жатқан іс-шаралармен танысып, пікір алмасты. «Жемқорлықсыз қоғамға қадам» тақырыбында дебат, «жемқорлық індет, жою міндет» атты тақырыпта тәрбие сағаттары өткізілді. «Біз жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында 5-9 сыныптар арасында сурет көрмесі ұйымдастырылып, 10-11 сыныптар арасында ой толғау (эссе) жазылды. Тарих пәнінің мұғалімі Б.Ержановтың ұйымдастыруымен «Сыбайлас жемқорлық: теориялық негіздері, даму тарихы және түрлері» тақырыбында баяндама жасап, 10 сыныптар арасында «Жемқорлықсыз қоғамға қадам» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. «Құқықтық сана-қауымға пана» жобасы аясында жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын-алу, және буллинг, кибербуллинг жайында түсінік беру мақсатында жиналыс өткізілді. Іс-шара барысында «Кибербуллинг дегеніміз не?», «Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыскерлік» тақырыптарында бейнебаян көрсетілді. Жиналыс соңында оқушылар сұрақ қойып, қызу талқыланды. «Құқықтық сауаттылық» декада жоспарына сәйкес жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеуі әлімжеттіктің алдын алу, зорлық-зомбылыққа жол бермеу мақсатында 7-11 сынып оқушылары арасында «Әлімжеттік – әлсіздің іс» атты бейнеролик байқауы өтті. Бауыржан Момышұлы атамыз "Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды" деп айтқандай қашанда Ата-заңымызды қорғауға, бекітілген тәртіпке бағынуға, өз құқықтарыңызды орынды пайдалана білуге шақыра отырып 5-сынып оқушылары "Құқықтық сана-қоғамға пана" тақырыбында жиын өткізді.

Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің тапсырмасына орай «Балалар еңбегін қанауға қарсы 12 күн» Ұлттық ақпараттық науқанына байланысты іс-шаралар жоспарланды. Шараның басты мақсаты – қоғамның назарын, соның ішінде ересектерді, балаларды және олардың ата-аналарын балалар еңбегінің ең нашар түрлерін қолданудың алдын алу мәселелеріне аудару; ауыр жұмыс істеу баланың денсаулығына зиян екендігін және әрбір бала - ешбір қиындықсыз, жарқын өмір сүруге тиіс екендігін ұғындыру. 1-11-сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді. Басты мақсат: бала еңбегін қанауға, зорлық-зомбылыққа жол бермеу; әрбір баланың ешбір қиындықсыз, жарқын өмір сүруіне жағдай жасау. 15 ақпан – Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шығарылуының ресми күніне орай «Ауғанстан ардагерлеріне тағзым» атты салтанатты кездесу өтті. Кездесуге келген құрметті қонақ Таласбаев Самат Молдағалиұлы ауданымызда ауған соғысына қатысқан ардагердің бірі ретінде өткенге шолу жасап, ой-пікірімен бөлісті. Ардагерге арналып, ән мен күй шырқалса, көрермен ретінде келген оқушыларға танымдық сұхбат ұсынылды. 10 Ә қлсы оқушылары қойылым ұсынды.

2020-2021 оқу жылы «Рухани-адамгершілік тәрбиесі» бағыты бойынша негізгі міндеті адамгершілік мінез-құлық әдеттерін, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Ата-аналар балаларды рухани және материалдық ынталандыру жүйесін әзірлеу мен жұмыс істеуіне қатысты, жағдайға қарай оқушыларды жетістіктері үшін марапаттауға қатысады, оқушыларды білім алу ынтасын арттыру мақсатында ықпал етуші әңгімелесулер мен іс-шараларға тартылды.

Мектепте «1 қазан Қарттар күніне» байланысты іс-шаралар жоспары жасалынып, жоспар бойынша жұмыстар жүргізілді. «Менің атам мен әжемнің бір күні» слайд шоу арқылы 30 қыркүйек күні оқушылар өз аталары мен әжелерінің еңбектерін, ақыл кеңестерін дәріптеді. 30 қыркүйек күні 1-11 сыныптарда «Қарттарым – асыл қазынам», «Қарттарым – асыл қазынам» сынып сағаты сынып сағаттары

өтті. «Мұғалім – мектептің жүрегі» тақырыбында онлайн мектеп оқушылары мен түлектері бейне роликтер арқылы мұғалімдерді құттықтау челенджін ұйымдастырылды. Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2020-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру мақсатында жұмыстар атқарылды. Оқу жылының басында 2020-2021 оқу жылына діни –экстремизмінің алдын –алу жөніндегі іс –шаралар жоспары жасақталып, бекітілді. Жоспар бойынша 3 тоқсан басында 5-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынып барлық сыныптарда теріс діни ағымдардың іс –әрекеті жөнінде сынып сағаттары өткізілді. «Діни –экстремизм деген не, оны қалай түсінесіз?» тақырыбында оқушылар үшін қауіптен сақтану, қорғану бойынша жиналыстар жүргізіліп, хаттамалары жазылды. Мектепте намаз оқитын және хиджаб киетін оқушылар болған жоқ. 5-11 сыныптар арасында сынып сағаттарында «Телефон арқылы қасақана жасалған лаңкестіктің алдын алу» және «Діни экстремизмнің алдын алу, аймақаралық және ұлтаралық төзімділікті насихаттау» тақырыптарында әлеуметтік бейне роликтер көрсетілді. Бейне ролик бойынша оқушылар көкейде жүрген сұрақтар қойып, өз ойларын ортаға салып талқылады. Сондай –ақ діни ағымдардың бірнеше түрлерін және оның өзгешеліктерін атап көрсетті. Сонымен қатар 2020-2021 оқу жылы ішінде «Қауіпсіз мектеп» республикалық акциясын өткізді. М.Жұмабаев мектебінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оқушылар арасында және оларға қарсы құқық бұзушылықтың алдын алу және оқу орындарында қауіпсіздік шараларын жетілдіру мақсатында қауіпсіз мектеп ортасын қалыптастыру бойынша жұмыстар атқарды. Сондай –ақ бейне бақылау камераларының жұмысы тексерілді, ғимарат өртке қарсы және санитарлық –эпидемиологиялық талаптарға сай. Сынып жетекшілер «Оқушылардың қауіпсіздігі» тақырыбында дәріс оқып, үйде жалғыз болғанда, бөтен адамдарды үйге кіргізбеу керек; Бөтен біреудің машинасына отырмау, қыдырып жүргенде бөтен адамдардан тәтті, сыйлықтар алмау керектігін үйрету қажет; Көшенің қараңғы жерлерінен, көпшілік жүрмейтін саябақтар мен стадиондардан аулақ жүруге үйрету туралы дәрісте анықтама берілді «Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» атты онкүндік өткізілді. 5-8 сыныптарда «Өмірдің қауіпті өткелдері және оны жолдары» «10 желтоқсан Дүниежүзілік адам құқығын қорғау күні» атты сынып сағаттары өткізілді. 9-11 сыныптарда «Зорлықсыз әлемді бірге құрайық!» сынып сағаттары

өткізілді. Балалар мен жасөспірімдер арасында Суицидтің алдын алу, қатігездік таныту, зорлық- зомбылық жасау оқиғаларының алдын алу мақсатында өткізілген іс-шаралар бойынша қыркүйек айында оқушылар зорлық-зомбылық фактілерімен күресу мақсатында мектептің кіре беріс дәлізінде «Сенім жәшігі» орнатылған болатын. Білім алушыларға сенім жәшігінің қызметі туралы «Сенім телефоны. Көмекті қалай сұрау керек?» атты жадынамалары таратылды. 5-11 сыныптар арасында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» және «Өмір қымбатсың сен маған!» «Менің әлемімде зорлық- зомбылыққа жол жоқ» тақырыбында сынып сағаттары және тренингтер өткізілді. Мақсаты оқушылар үлкендер мен құрбылар тарапынан көп кездесетін зорлық -зомбылық туралы мағұлмат беру, өзіңнен

Жоғары 9-11 сынып оқушылары арасында онлайн форматта «Біз өз проблемаларымыз туралы» сынып сағаттары топтық шығармашылық жұмыстар жасалды, ашық пікір алаңы ұйымдастырылды. Оқушылар адамның ең басты құндылығы оның өмірі мен бостандығы, олай болса әр адам өзінің адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы тиіс деген тұжырымға келді. Шығармашылық жұмыс кезінде 1 топ «Бостандық» тобы зорлық –зомбылықтың адам ағзасына тікелей әсерін ашып айтты. 2 топ «Еркіндік» тобы болса жаман әдеттердің салдары туралы постер қорғады. 3 топ «Адамзат» тобы «Сенің құқығың басқалардың құқығы басталған жерде шектеледі» деген тақырыпта постер қорғады. Сабақ соңында бәрінің түсігені зорлық- зомбылықтың баланың мінез-құлқына әсер ету ерекшеліктері бар.

Ата-аналар үшін құрылған ватцап желісіндегі «СЕНІМ» тобы арқылы ата-аналарға арналған видеороликтер мен слайдтар салынды. Ақпараттар берілді. Мақсаты: балаларға қатысты қатыгездікпен қарау мәселелеріне қоғамның назарын аудару және балаларға қатыгездік танытудың, тәрбиелеудің

зорлық әдістеріне жол берілмеу туралы ақпарат тарату; ата-ана жауапкершілігін насихаттау. Балалардың өмір сапасын жақсарту – ертеңгі болашақтың кепілі. Сондықтан да балалардың құқықтарын қорғау мәселесі қашан да өзекті болып қала бермек. Балалар – еліміздің болашағы. Оларды тәрбиелеу, оқыту, білім беру, болашаққа қадам бастыртып осы өмірде өз орнын таптыру әр ата - ананың міндеті. Ананың бесік жырынан басталатын қарым - қатынасы, іс - әрекет, әдет - ғұрып, салт - дәстүр осылардың бәрі адамның дүниетанымын, сана - сезімін, мінез - құлқын қалыптастыратын тәлімдік мұра екенін ескеруіміз

Сонымен қатар кәмілеттік жасқа толғандардың арасында суицидтің алдын алу мектепшілік жоспары бойынша «тәуекел» топтарды анықтау мақсатында сауалнамалар алынып, тренингтар өткізілді. Ата-аналар «Сенім» тобына да видеороликер салынды. Оқушылармен алдын алу және жандандыру жұмыстары жалғасын табады. «Жүректен жүрекке» акциясы ұйымдастырылды. Онда әрсыныптан аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылардың ата-аналар комитеті оқушылардың тілектерін қабыл етті.

2021-2022 оқу жылы «Рухани-адамгершілік тәрбиесі» бағыты бойынша

мектебімізде 4-8 қазан аралығында Халықаралық қыздар күніне орай «Қыз болашағы-ел болашағы» тақырыбында апталық ұйымдастырылып, «Сымбат» қыздар қоғамдық кеңесінің оырысы болып, апталық іс-шаралар жоспары жасакталды. «Рухани-жаңғыру» бағдарламасы аясында әзірленген жаңа арнайы «Дәстүр мен ғұрып» жобасын іске асыру бағытында ұйымдастырылған іс-шараның мақсаты: қоғамдағы қыз баланың ерекше орнын атап өту, қыздар арасында кездесетін мәселелерін шешу жолдарын, олардың құқықтарын қорғау мүмкіндіктерін кеңейту маңыздылығы туралы ескерту, аналарымыздың өнегелі өмір жолын баяндау арқылы ұлттық тәрбиені бойларына сіңіру, халқымыздың әдет-ғұрпын, салт- дәстүрлерін қадірлеу, отансүйгіштік сезімдерге баулу. Іс-шара негізінде 8-11 сынып қыз балаларымен «Болашаққа қамқорлық тақырыбымен психологиялық тренинг өткізілсе, 8 сынып қыз балалар арасында «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, Қыз тәрбиелей отырып, ұл тәрбиелейміз» атты сынып сағаты өткізілді. Сонымен бірге апталық аясында 9-11 сынып қыз балалары мен сынып жетекшілерінің қатысуымен волейболдан жарыс өткізілді. 8-11 сынып қыздар арасында мектеп медбикесі «Қыз тәрбиесі-ұлттың ұяты, халықтың шырайы» тақырыбында шара өткізіп, шарада қыздар гигиенасы, ерте жастан жүктіліктің алдын алу, денсаулығы мәселесі туралы түсінік беріп, қыз балалардың сауалдарына жауап берді. Шараға қатысқан ұстаздар мен оқушыларда өз ойларын ортаға салды. Апталық барысында 9 сыныптарда «Замануи қыздың бейнесі» атты дөңгелек үстел өтіп, өткізілген шарада замануи қыздың қазіргі келбеті, жағымды тұстары туралы сөз қозғалды. Сонымен бірге апталық барысында, рухани жаңғыру аясында «Ұлттық бірегейлікті сақтау» бағыты бойынша 9-11 сынып арасында «Сырғалым-сырласым» қыздар клубының ұйымдастыруымен жеңгесі мен қайынсіңілісі арасында байқау өткізілді. Апталық қорытындысы 8-11 сынып қыз балалары арасында «Қыз анадан үйренбей, өнеге алмас» тақырыбында аналармен сырласу кеші болып өтті. Сырласу көп балалы жас ана, тігін саласының шебері көп балалы жас ана, қыздардың сәні мен сымбатын келістірген жеке кәсіпкер Бижанова Камшат шақырылып, сырласу кешіне қыз тәрбиесі, тәртібі жайлы сөз қозғалып, сұрақтарға жауап берді. Кеш соңында қыздар белдемше тігу, көз бояудың техникаларымен танысып, шеберлік сағаты өтті.

«Әдептілік адамгершілік белгісі» тақырыбымен бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Іс шара негізінде 3 «а» «Әдептілік данадан үйрен», 6 «ә» «Әдептілік-тәрбие бастауы» атты сынып сағаттары, 7 «а» сыныбында «Адамгершілік-асыл қасиет» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті. Бұл шаралардың мақсаты: оқушыларды адамгершілікке, кішіпейілділікке, жаман әдеттен аулақ болуға баулу. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды ажырата білуге үйрету. Әдеп, әдептілік туралы түсініктерін кеңейту

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының 4 жылдығын атап өту мақсатында апталық-жоспар құрылып, «Ұрпақ тәрбиесі –ұлт тәрбиесі» тақырыбында 1-11 сыныптар аралығында тәрбие сағаттары өтті. 10 А сыныбының класс жетекшісі Қ.Муфтақованың ұйымдастыруымен «Үш

тілде білім беру-жаңа технология тілімен жаңа байланыс құралы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Дебат клубының жетекшілері Д.Жолдыбаева, Ә. Қасымханқызының ұйымдастыруымен «Қазақстанның болашағы жастардың қолында» атты пікірсайыс өткізді. 10 Б сыныбының класс жетекшісі Л.Абеннова «Мәңгілік ел идеясының тарихи негіздері» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырса, 6-5 сыныбының класс жетекшілер Э.Жонысова, А.Бисенбаева облысымыздың киелі жерлеріне онлайн саяхат жасады.

1 мамыр –Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай «Бірлік сабақтары» тақырыбымен іс-шаралар өткізілді. Өткізілген шаралардың мақсаты: Оқушыларға Қазақстан республикасы әлемде ең алғашқы мемлекеттердің бірі болып басқа ұл өкілдеріне алтын бесік болғандығын ұғындыру. Қазақстандық патриотизмге, елін, жерін сүйуге және халқын құрметтеуге тәрбиелеу. Іс-шара негізінде Қазақстан республикасының халықтар достығы еліміздің бірлігінің кепілдігі екенін таныту, әр халықтың өнері оның рухани байлығының негізін оқушылар жүрегіне өз ұлтының тілін, дінін біле отырып, өзге ұлттың рухани байлығының сыйлауға құрметтеуге тәрбиелеу бағытында 1 «а,ә» -«Ынтымақ, бірлігі жарасқан», «Мәңгілік ел Қазақстан», 2 «а,ә»- «Ынтымағы жарасқан, туған өлкем Қазақсан», 3 «а,ә»-«Татулық достықтың киелі бесігі», 4 «а,ә,б,в» -«Ынтымақ достық кепілі», 5 «а,ә,б» - «1- Мамыр бейбітшілік, еңбек, достық мерекесі», 6 «а,ә,б,в»-«1 Мамыр-Қазақстан халқының бірлігі күні», 7 «а,ә,б»-«Бейбітшілік –ел тілегі», 8 «а,ә,б»-«Береке бастауы бірлік, ел іші тату тірлік», 9 «а,ә,б»-«Халықтар достығы -бірлікте» тақырыптарында сынып сағаттарын өткізсе, 9-11 сыныптар арасында «Ұлттар достығы» атты бірыңғай тақырыппен танымдық сағаттары өткізілді. Бұл шарада 1-мамыр мерекесінің тарихы, әлем елдерінің тойлау дәстүрі туралы толық ақпарат беріліп, 1-мамыр мерекесі туралы ойларын ортаға салды.

1-наурыз –Алғыс айту күні орай іс-шаралар жоспары құрылып, «Алғыс айтудың шексіздігі» атты 1-11 сыныптар арасында жаппай тәрбие сағаттары өтті. Мектепте арнайы алғыс айту тақтасы ұйымдастырылып, «Жүректен жүрекке» атты мектеп оқушыларымен бірге мектеп фойесінде флешмоб ұйымдастырылды. Мектебіміздегі «Мағжан еріктілері» волонтер командасының ұйымдастыруымен «Алғыс, бата ал» атты жалғыз басты қарт адамдарға көмек көрсету қайырымдылық іс-шаралары жасалды. 4-5 сыныптар аралығында «Шынайы жүректен алғыс» ашық хаты ұйымдастырылып, «Алғыс білдіру, ең асыл сөз» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды. Апталықтың соңын «Ұстаздарға рахмет!» тақырыбындағы 7 «а», «ә», «б» кластарының ұйымдастыруымен мерекелік концертпен қорытындыланды. 22 наурыз – Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне орай 3 «а», 3 «ә» және 2 «а»- Қош келдің, Өз Наурыз!», 10-сыныптар «Наурыз-жыл басы», 5 «ә»- « Төрлет, Наурыз төріме» атты мерекелік шаралар өтсе, 11- сынып оқушылары «Наурыз жәрмеңкесі» атты ұлттық тағамдар шеруін, мектеп парламенті оқушылары «Бауырсақ пати» шарасын өткізіп, мектеп оқушылары мен ұстаздарға бауырсақ таратып, тілек айтылып, амал мерекесімен құттықтады.

II. 2022-2023 оқу жылы «Рухани-адамгершілік тәрбиесі» бағыты бойынша қыркүйек айында «Сымбат» қыздар клубының ұйымдастыруымен халқымыздың әдет –ғұрпы, салт-дәстүрі арқылы оқушылардың бойында асыл да, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мақсатында «Ұрпақ тәрбиесі –ұлт болашағы» дөңгелек үстел өтті. Қыз балаларға ұлттық педагогика негізіндегі қазақ халқының әдет –ғұрпын, салт-дәстүрін насихаттай отырып, келер ұрпақтың анасы болатындай қыз бала өсіруде өнегелі тәрбие беру жолдарын дәріптеу, ой салу, пікір алмасу мақсатында, халықаралық қыздар күніне орай «Қыз болшағы-ел болашағы» атты онкүндік өткізілді. Онкүндік жоспарына сәйкес бірқатар іс-шаралар өткізілді. 27- қыркүйек күні мектеп медбикесімен «Ерте жүктіліктің алдын-алу» тақырыбында дәріс, 29-қыркүйек күні «Мен қандаймын» суреттер байқауы, кітапханашылардың ұйымдастыруымен «Қызға нәзіктік жарасады» ой-пікір отырысы, 3 қазан күні «Өз құқығымды білесің бе?» тақырыбында танымдық сабақтар өтті.

Мектепте 25 қыркүйек пен 5 –ші қазан аралығында «Қарияларға бас иеміз» мерекелік кеш, концерт өткізілді. 1 – қазан күні «Қарттар күніне» арнап шағын концерт ұйымдастырылды. Бұл күні осы мектепте бұрында жұмыс істеген, қызмет атқарған апайлар мен ағайлар мектебіміздің ардагер ұстаздары шақырылып, 11 сынып оқушылары мен мектеп мұғалімдері қарттарға өздерінің өнерлерін көрсетіп, жүрекжарды құттықтау сөздерін айтып, апа – әжелерінің шапағатына бөленді. Аяулы қарттарымыз балаларға өз тәлім, тағылымдарын айтып, өнеге етті.

Сонымен қатар мектеп әкімшілігі қарттарды мерекелерімен құттықтап, өз тілектерін білдірді. Қарттар ризашылығын білдіріп, алғыстарын айтты. Қарттар мерекесіне арналып «Қарттарым – асыл қазынам», тақырыбы бойынша қабырға газеттері шығарылды және бастауыш сыныптарда суреттер байқауы өткізілді.

5 – қазан күні мектеп фойесінде «Мейірімділік» атты тәттілер жәрмеңкесі өтті. 1 – 4 сыныптарда жауапты сынып жетекшілер «Қарттықты түсіне біліңдер» тақырыбы бойынша сынып сағаттар және сурет сайысын өткізді. 5 – 7 сыныптарда «Қарты бардың қазынасы бар», тақырыбы бойынша ашық сынып сағаттар өтті. 8 – 11 сыныптарда дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Жалел С, Жауғашар А «Спорт жасқа қарамайды» атты спорттық шағын-жарыс өткізді.

«Ұстаздар күні» мерекесін мерекелеу және мұғалім мәртебесін арттыру мақсатында 1-11 сыныптар аралығында тәрбие сағаттары ұйымдастырылып, өткізілді. Атап айтқанда, 1-4 сыныптар аралығында «Жарқын жүзді ұстазым», «Ұстазы жақсының-ұстамы жақсы», «Ұстаз ұлы тұлға» атты бірыңғай тәрбие сағаттары жүргізілді. Тәрбие сағаттары барысында сынып жетекшілер оқушыларға ұстазды құрметтеуге, оларды түсіне білуге, бағалауға үйретіп, ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндірді.

5-7 сыныптар аралығында «Ұстаз-халық анасы», 8-11 сыныптар аралығында «Ұстазы жақсының-ұстамы жақсы» атты бірыңғай сағаттары өткізілді.

Сынып сағаттары барысында сынып жетекшілер оқушыларға ұстаздық мамандықтың қиындығы мен қызығы бірге жүретіні жөнінде түсініктерін қалыптастырып, білім алуға саналы көзқарастарын нығайтып, жеке тұлғаның рухани адамгершілік қасиеттерін дамытып, ұстазды әрқашан сыйлауға тәрбиеледі. Елімізде жыл сайын қазан айының алғашқы жексенбісінде тойланатын «Ұстаздар күні» мерекесі мектепте өз деңгейінде аталып өтілді. 5 қазан күні 10-сыныбының ұйымдастыруымен «Ұлтымыздың ұлы қолбасшысы – ол мұғалім» тақырыбында салтанатты шара өтті. Салтанатты шараны мектеп басшысы құттықтау сөзімен ашып, елімізде білім саласында мемлекет тарапынан барынша қолдау көрсетіліп отырғанын, ұстазынан озар шәкірттерінің көбейе беретініне сенімді екенін жеткізді.

Салтанатты шараның соңы мектептің өнерпаз жастарының ұстаздарына тарту ретінде әзірлеген концерттік бағдарламасына ұласты. Мектеп оқушыларының ұйымдастыруымен ән-бағдарламасына зейнетке шыққан ұстаз ардагерлер шақырылды. Бағдарлама барысында мектеп оқушылары өздерінің шығармашылық өнерлерін көрсетіп, ұстаздарға және ардагер ұстаздарға арналған жылы тілектері мен алғыстарын білдірді. Ардагерлер оқушылармен сұхбаттасып, өнерлерін тамашалап, ризашылығын білдірді. Іс-шара соңында, оқушылар әр мұғалімге арнайы өлең шумақтарын арнап, гул шоқтарын сыйлады. Сондай ақ, оқушылар өздерінің ұстазға деген сүйіспеншілігі мен сөздерін білдіріп, өнерлерін көрсетті.

17 наурыз күні мектептің 1-11 сынып оқушылары арасында «Ұлыстың қадам басқан ұлы күні» тақырыбында наурыз мерекесі өткізілді. Мектепшілік іс-шараға «Қамқор» әкелер клубының мүшелері мен «Ұлағат» аналар клубының мүшелері және ата-аналар комитетінің мүшелері қатысты. Іс-шараға 700 оқушы қатысты. Әрбір сыныптар қазақ халқының сүйіншіден басталатын салт-дәстүрінен бастап, қыз ұзату, беташар дәстүрлерін мағынасын аша отырып, көрсете білді. Және әр класқа сахыналуға қазақ халқының би-шешендері бөлініп берілді. Келген қонақтар оқушылар мен ата-аналарды «Жаңа жыл, жаңа күн» мейрамымен құттықтап, жаңа табыстар тіледі. Сонымен бірге, Әкелер клубының мүшелері қазіргі таңда ұмытылып бара жатқан салт-дәстүрлер: «Тышқаншық салу», «Ашамайға мінгізу», «Бел көтерер» дәстүрлері және ұлттық спорт ойындарын оқушыларға таныстырып, бірге ойнады. Мерекелік ән, күй орындалып, оқушылар ұлттық нақышта топтық билерін көрсетті. Іс-шара соңынан спорттық ойындар: қабақ ұру, кір тасын көтеру және арқан тартыс ойындары өткізілді. Мерекелік іс-

шарадан кейін оқушылар әрбір сынып бойынша ата-аналар комитетінің дайындаған наурыз көжелерінен дәм татты. Мектеп парламентінің мүшелері «Мақал айт та, бауырсақ ал» атты мақал – мәтелдер жарысын ұйымдастырды. Мектеп оқушылары бұл сайысқа үлкен қызығушылықпен қатысты. Тарих пәнінің мұғалімдері Р.Нуржанова, Ж.Идиресова «Тарихқа тағзым» атты Әбілқайыр ханның туғанына 330 жыл, Т.Ахтановтың туғанына 100 жыл, Т.Жүргеновке 125 жылдығына танымдық сағат өткізді.

Алғыс айту күні – бұл, ең алдымен елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанатты күні. Бұл – тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзымының белгісі ынтымақтастықты және өзара көмек көрсетуді қолдау мен рухани дәстүрлер күні деп түсіну қажет. Сондықтан жас ұрпаққа өткенді ұғындырып, оның мән-мазмұнын түсіндіру мақсатында біршама іс-шаралар жүргізілді. Соны бірі Қазақстандық патриотизмді нығайту, Қазақстан халқын мәңгілікке біріктіруге бағытталған «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясын іске асыру мақсатында мектебімізде «Бір шаңырақ астында» тақырыбында таңғы жиын өткізілді. Таңғы жиында әр ұлт өкілдерінен жинақталған мектеп оқушылары өздерінің алғыс-тілектерін, құттықтауларын өлең жолдарымен жолдады. Ән айтылып, күй тартылды. Мектептің бірінші қабатында «Рахмет саған, Отаным!» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Таңғы жиыннан соң мектеп оқушылары өздерінің алғыс, тілектерін жүрекшелерге жазып, қоржындарға салды. Бұл күн мейірімділіктің, достық пен махаббатының жарқын мерекесі болғандықтан 9 «А», «Ә», «Б» сынып оқушылары педагогтар мен мектеп қызметкерлеріне алғыс білдіріп, көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Кітап мерекесі 22-сәуір күні «Бұл кітап әлемі» атты Ашық есік күнімен басталды. Мектеп фойесінде «Әлемді кітаппен таны» атты кітап көрмесі дайындалды. Көрмеге оқушыларды қорға келіп түскен жаңа басылымдармен таныстыру мақсатында түрлі саладағы әдебиеттер қойылды. Балалар бөлімінде «Біз кітаппен біргеміз» атты жанұялық байқау ұйымдастырылды. «Отбасымызбен кітап оқимыз» ұранымен өткен бұл байқаудың мақсаты - отбасының кітапқа, кітап оқуға деген сүйіспеншілігін ояту, кітап - жанұяның бос уақытын өткізудегі ең бір ажырамайтын бөлігі екендігін көрсету, баланы кішкентай кезден кітап оқуға баулу. Мектебіміздегі бұл шара оқушылардың отбасы мүшелері қатысып, викториналық сұрақтарға жауап беру, сурет арқылы ертегі кейіпкерлерін анықтау, үзінді оқып, шығарманың аты мен авторын табу, мақал-мәтелдерді жалғастыру, отбасылық өнерін көрсету сынды қызықты сайыстардан өтті.

2020-2021 оқу жылы III. «Ұлттық тәрбие беру» бағыты бойынша Қазақстан Республикасының 22-қыркүйек Тіл мерекесіне орай «Ана тілім – ар намысым, қазынам» атты апталық іс-шара жоспары құрылып, мектеп директорымен бекітілді. Қазақ тілі, орыс тілі және шет тілі пән мұғалімдері онлайн сабақтан тыс іс-шараларын өткізді. Ұлы Абайдың 175-жылдығына байланысты «Абай даналығы» жобасы жасалынып, мектепте Абай залы, «Абай деп соққан жүректер» 5-11 сыныптар арасында әдеби кеш, «Абай әлемі» бастауыш сыныптар арасында әдеби кештер ұйымдастырылды. Абайдың қара сөздерімен өлеңдерінен челендж ұйымдастырылып мектеп парақшасына жарияланды. Бұл челендж байқауында 2 сынып және 5 сынып оқушылары ерекше ат салысты. «Қазақтың 100 әні» жобасы «Күрең күз» ән байқауы онлайн түрде ұйымдастырылды, қортындысы мектеп инста парақшасына салынып қанша дауыс жинау арқылы анықталды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша «Болашақ Қазақстан» тақырыптарында үш тілде эссе жазу байқауы ұйымдастырылды. 5-10 сыныптар «Тәуелсуздік таңы» атты колөнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылды.

1 наурыз Оқушылардың эстетикалық талғамы мен мәдениетін қалыптастыру мақсатында өзін – өзі тану пәні мұғалімдері «Алғыс айту» күні мерекесіне орай ашық сабақтарын өткізді. 5-8 сыныптарда «Халық даналығы – рухани байлық көзі», 9-11 сыныптарда Ұлттық идеология дамуының маңызды бағыттары болып саналатын өнер құралдары арқылы эстетикалық сана – сезім, көркемдік ойлау қабілетін дамыту мақсатында «Ұлттық колөнер туындылары – баға жетпес құндылықтарымыз» тақырыбында сынып сағаттары өтілді. «22 наурыз» мерекесіне байланысты іс шаралар ұйымдастырылып, тақырыптық «Тарихқа тағзым» ұлттық колөнер бұйымдарының көрмесі, суреттер байқауы, онлайн «Наурыз көже, бауырсақ пісіріу», «Ұршықпен жүн иіру», «Ұлттық киімдер» челенждері, «Шымырлық күні» ұлттық ойындар сайысы, «Баталы ұлға бақ қонар» бата беруден сайыс, «Әже ақылы» әжелермен кездесу, «Наурыз» видеороликтер байқаулары өтті.

2021-2022 оқу жылы Ш. «Ұлттық тәрбие беру» бағыты бойынша мектебімізде оқушылардың ана тілге деген қадір-қасиетін арттыру мақсатында Қазақстан халқы Тілдері мерекесіне орай ағылшын пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен «Trilingualism is the key to professional success» тақырыбында 11-сыныптар арасында зияткерлік сайыс, 7-сыныптар арасында «Страна прекрасных земных чудес» атты сайыстар өткізілді. Қазақстан Республикасының 30 жылдығын мерекелеу жөніндегі іс-шаралар негізінде «Тәуелсіздік тәңір берген тәтті сый» атты апталық өткізілді. Апталық барысында «Мен Тәуелсіз Қазақстанның азаматымын» тақырыбында 9 сыныптар аралығында тарих пәнінің мұғалімі Б.Ержанов пен Г.Мұхамбетованың ұйымдастыруымен коучинг ұйымдастырылды. 7 «в» сыныбында «30 жыл, 30 асу, 30 белес!» тақырыбында мерекелік іс-шара, аудандық кітапханада 10 «ә» сыныбы арасында «Тәуелсіздік және Елбасы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. 10 «а»-11 «а» сыныптар аралығында С.Ермағамбетов, Б.Ержановтың ұйымдастыруымен «Кенестік кезеңдегі қазақ КСР басшылары» тақырыбында дебат өткізілді. Қ.Р. Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, Әйтеке би аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен Жайдарман ойыны өткізіліп, мектебіміздің «Мағжандықтар» командасы бас жүлде және де «Үздік әзіл» номинациясына ие болды. 7 «а», «ә», «б», «в» оқушылары арасында аудандық мұражай қызметкерлерімен бірлесіп дөңгелек үстел, 5-6 сыныптар аралығында «Елімнің бақытын тербеткен -Тәуелсіздік» тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы, бастауыш сыныптар арасында «Елімнің еркіндігі Тәуелсіздік» атты жыр оқу сайысы өтті. 5 «а», 5 «ә» сыныптарына Р.Кусегенованың ұйымдастыруымен әдеби музыкалық монтаж, Г.Сандыгулованың ұйымдастыруымен 6 «а» сыныбында «Тәуелсіздік бастауы жастардың қолында» атты мерекелік шара өтсе, мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Тәуелсіздік туралы не білесің, балақай» айдарымен бастауыш сынып оқушылары арасында «Ашық микрофон» әдісі арқылы сұрақ-жауап алынды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Зияткер» дебат мүшелерінің арасында дебат пікір сайысы өтті. Бұл шаралардың мақсаты: оқушыларымызды еліміздің 30 жылда жеткен жетістіктерімен таныстыра отырып, ұлтжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. 5-8 сыныптар арасында «Тәуелсіздік – ащы термен келген тәтті жеңіс» атты бірыңғай тақырыбымен ашық тәрбие сағаты өтті. Өткізілген шаралар барысында оқушылар ел тарихына шолу жасап, тәуелсіз еліміздің жетістіктері туралы өз білгендерін ортаға салды. Сонымен қатар, мектеп оқушылары «Тәуелсіздік-елімнің ерлік жолы» атты аудандық театрландырылған қойылымдар байқауында жүлделі I орынды иеленсе, «Мен еліммен мақтанамын» тақырыбындағы аудандық суретшілер байқауында 6 «а»-сынып оқушысы Әскербекқызы Балнур «Алғыс хатпен» марапатталды. Қазақ отбасындағы әже орны ерекше, әрі қадірлі. Әже-отбасының ғана емес, әулеттің де ұйытқысы, ағайын-абысындардай бірлігін, татулығын сақтайтын сыйлы анасы, кейінгі жастардың тербиесі, әрі ақылгөйі 8-наурыз мерекесіне орай, 1-4 сыныптар арасында «Менің әжем-ең жақсы адам» тақырыбымен байқау өткізіліп, жеңімпаз алғыс хатпен марапатталды.